

«Еңбекқорлық пен кәсіби шеберлік- болашаққа бағыт» қалалық семинары

Өткізілген күні: 5 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: Орал қаласы, «Happy kids» балабақша

Өткізу уақыты: 09:30-13:00

ҚАТЫСТЫ:

ЖК «Дарын» «Happy kids» балабақшасының педагогтері.

КҮН ТӘРТІБІ

«Еңбекқорлық пен кәсіби шеберлік- болашаққа бағыт» қалалық семинарының ашылуы

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибелер көрмесі

Рөлдік ойын: «Құрылысшылар мамандығы»

Шеберлік сыныбы:

«Қарапайым материалдар өнері: идеядан декорға дейін»

«Өз қолымызбен жасалған жылулық»

«Шам ART»терапия

Экологиялық ертегі-тәжірибе

Тренинг: «Бір толқында»

Қорытынды. Рефлексия және кері байланыс

ТЫНДАЛДЫ:

Семинардың мақсаты – балалардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету, еңбекқорлық пен шығармашылық белсенділікті дамыту және педагогтердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау екендігі айтылды.

Семинардың ашылу салтанаты аясында қатысушылар назарына тәрбиеленушілер мен педагогтердің қатысуымен дайындалған мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынылды. Бағдарлама барысында шығармашылық қойылымдар, музыкалық нөмірлер, би композициялары мен танымдық көріністер көрсетіліп, қатысушыларға ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Концерттік бағдарламаны Кенжебаева Анар Гизатовна жүргізді.

Концерттік бағдарлама

1.Салтанатты шараның шымылдығын «Достық» тобының тәрбиеленушілері әсем әмен орындады.

2.«Пчёлки» тобының тәрбиеленушілері өлен шумақтарымен жалғастырды

3.Кішкентай сүйкімді құыршақтар биі

4.Отбасы – тәрбие бастауы, ата-аналармен бірлескен оркестр.

5.Мамандықтар әлеміне саяхат, флешмоб «Мамандықтар әлемі»

Концерттік бағдарлама семинар қатысушыларына ерекше әсер қалдырып, тәрбиеленушілер мен педагогтердің шығармашылық әлеуетін, кәсіби шеберлігі мен ұйымшылдығын айқын көрсетті.

«Ортақ мақсат жолында » тренингі бөбекжайының әдіскері А.Е.Уаепова тарапынан ұйымдастырылып, өткізілді. Педагогтердің командалық жұмыс дағдыларын дамыту, өзара сенім, тиімді қарым-қатынас және бірлесіп әрекет ету қабілеттерін қалыптастыру.

ҚАРАЛДЫ

Рөлдік ойын: «Құрылысшылар мамандығы» «Достық» ересек топ. Құрылысшының негізгі мақсаты — адамдарға ыңғайлы, қауіпсіз және сапалы ғимараттар мен құрылыстар салу. Оған үйлер, мектептер, жолдар, көпірлер және басқа нысандар кіреді. Сонымен қатар құрылысшы:

- жобаны дұрыс орындауға,
- берік материал қолдануға,
- уақытында аяқтауға,
- қауіпсіздік талаптарын сақтауға ұмтылады.

Шеберлік сыныбы:

«Қарапайым материалдар өнері: идеядан декорға дейін» Педагогтермен қамырдан мүсін жасау

Мақсаты: педагогтердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; қамырмен жұмыс жасау тәсілдерін меңгерту; тәжірибе алмасу арқылы кәсіби шеберлікті арттыру.

Тәрбиеші: Ә.С. Қарасаева

«Өз қолымызбен жасалған жылулық» шопер бояу.

Мақсаты: Педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, қолөнер арқылы жағымды эмоционалдық ахуал қалыптастыру, шопер сөмкелерін безендіру барысында эстетикалық талғамын жетілдіру және ұжымдық ынтымақтастықты нығайту.

Тәрбиеші Ж.К.Аскарова

«Шам ART»терапия майшамды бояу.

Мақсаты: Шамды безендіру арқылы педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттыру, эмоционалдық күйзелісті төмендету және жағымды көңіл күй қалыптастыру.

Экологиялық ертегі-тәжірибе «Пчёлки» МАД топ. Эколог мамандығымен таныстыру, балалардың табиғатқа және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Іс-шара барысында педагогтер бірлескен шығармашылық арқылы қауымдастықтың бірлігі мен кәсіби ынтымақтастығын көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМІНДЕ:

Тренинг: «Бір толқында» қатысушылардың көңіл-күйін көтеру, шаршауды басу, топта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және белсенділік пен ынтымақтастықты арттыру.

Рефлексия кезеңінде «Happy kids» балабақшасының әдіскер А.Е.Уаепова жүргізген кері байланысы арқылы қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, семинардың мазмұнды әрі тиімді өткенін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- Семинар барысында ұсынылған тәжірибелерді оқу-тәрбие процесінде қолдану.
- Балалардың шығармашылық және еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру.
- Арт-терапия және қолөнер элементтерін педагогтердің кәсіби қызметінде пайдалану.
- Педагогтердің тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру.

Төрайымы: _____ Н.А.Байхатова

Хатшы: _____ А.Е.Уаепова

СЕМИНАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Семинар тақырыбы: Структуралық пен кәсіби шеберлік -
Болашақта бағам.

Өткізілетін күні: «5» мамыр 2026 ж.

Өткізілетін орны: «Harpy kids»

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Ұйым атауы	Қызметі (Лауазымы)	Қолы
1	Темірбаева Г.Х	«Айым 1» ЖД.	тәрбиеші	
2	Жауғашева А.Ж.	«Айым 1» ЖД.	тәрбиеші	
3	Куамтаева М.Н	Демалар	тәрбиеші	
4	Мукашева А.У	№43, Оркестр	тәрбиеші	
5	Турдашев А.	№17, Ақмо.	мектеп директоры	
6	Жусипова Т.Т.	Айым	маңғарушы	
7	Танайбаева А.	№6, Ақмо.	мектеп директоры	
8	Аджиева М.С.	ЖБББ	здіккер	
9	Мрасоева Т.Е	№36, Балқаш	здіккер	
10	Муктарова Э. А.	№18, Балқаш	здіккер	
11	Шутова Т. А.	Д/с Алма	воспитатель	
12	Рахымжанов А.Д	№15, Ақмо.	тәрбиеші	
13	Жадоурова Т.Т	Айым 6	тәрбиеші	
14				
15				